

FTAMP 19.51.09

<https://doi.org/10.26577/HJ202577310>

Ұ. Сәйдірахман



«Шәкәрім университеті» КЕАҚ, Филология жоғары мектебі, Семей, Қазақстан

e-mail: ushkyn86@gmail.com

**«ЯШ ТҮРКІСТАН» ЖУРНАЛЫНЫҢ ТІЛДІК,
СТИЛЬДІК ЖӘНЕ ДИСКУРСТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Бұл мақала XX ғасырдың алғашқы жартысында эмиграцияда жарық көрген «Яш Түркістан» журналының тілдік, публицистикалық және идеологиялық ерекшеліктерін кешенді түрде зерттеуге арналған. 1929-1939 жылдары Мұстафа Шоқайдың редакторлығымен Берлинде шыққан басылым кеңестік биліктің отаршылдық саясатына қарсы балама дискурс қалыптастырып, Түркістан халқының ұлттық бірегейлігін сақтауға және тәуелсіздік идеясын насихаттауға қызмет етті. Зерттеудің басты мақсаты – журналдың лексикалық, грамматикалық және стильдік құрылымын талдау арқылы оның ұлттық сана қалыптастырудағы рөлін айқындау және саяси-коммуникативтік тетіктерін анықтау.

Жұмыстың ғылыми-тәжірибелік маңызы түркі халықтарының XX ғасыр басындағы ақпараттық күресінің әдістерін ашып, қазіргі ақпараттық қауіпсіздік пен идеологиялық стратегияларды түсінуге үлес қосумен айқындалады. Зерттеу барысында тарихи-филологиялық, дискурсивті, лингвистикалық, салыстырмалы және мазмұндық-талдау әдістері қолданылып, журналдың лексикалық қабаттары (шағатай, түркі тілдері, араб-парсы, османлы және батыстық терминдер), грамматикалық құрылымы (көне түркілік формалар, морфологиялық ықпалдастық), синтаксистік үлгілері (күрделі құрмалас сөйлемдер мен публицистикалық ықшам құрылымдар) және риторикалық тәсілдері (үндеулер, метафоралар, полемикалық әдістер) жүйелі түрде талданды.

Зерттеу нәтижелері «Яш Түркістанның» ұлттық сана мен тарихи жақты сақтау құралы болғанын, сондай-ақ эмиграциялық баспасөздің саяси күрес алаңы ретіндегі қызметін көрсетті. Басылым кеңестік ассимиляциялық саясатқа қарсы тұрып, түркі халықтарының мәдени-тілдік тұтастығын нығайтуға, ұлттық идеяны жандандыруға ықпал етті. Жұмыстың құндылығы – түркі эмиграциялық журналистикасын жаңа қырынан танытып, публицистикалық дискурстың эволюциясын айқындауында. Ал тәжірибелік маңызы – тарихи тәжірибені қазіргі ақпараттық соғыстар мен ұлттық бірегейлік мәселелерін талдауда қолдану мүмкіндігінен көрінеді.

Түйін сөздер: Яш Түркістан, Мұстафа Шоқай, эмиграциялық баспасөз, «Яш Түркістан» тілі.

U. Saidirakhman

Shakarim University, Graduate School of Philology, Semey, Kazakhstan

e-mail: ushkyn86@gmail.com

**Linguistic, Stylistic, and Discursive Features
of the “Yash Turkistan” Journal**

The present paper is interested in linguistic, journalistic, and ideological features of the Yash Turkistan journal, issued in emigration within the first half of the twentieth century. From 1929 to 1939, when Mustafa Shokay was its editor in Berlin, the journal expressed a different point of view against colonial policy of Soviet power. It tried to preserve the national character of the Turkestan nations and to promote the idea of independence. The main aim of the present study is to examine the vocabulary, grammar, and style of the publication so that it can be ascertained how it impacted national consciousness and identify its political communication strategies.

The merit of the research lies in the consideration of information wars in the early twentieth century. This contributes to better comprehension of present-day issues of information security and ideological approaches. Historical-philological, discursive, linguo-stylistic, comparative, and content-analysis methods are used by the study. The study focuses on the analysis of different layers of vocabulary, including Chagatai, Turkic languages, Arabic-Persian, Ottoman, and Western European words. It also discusses grammatical features, such as archaic Turkic morphology and morphological interference, syntactic structures like complex sentences and concise journalistic styles, and rhetorical devices like appeals, metaphors, and controversial devices.

The evidence proves that Yash Turkistan was not only a vehicle for upholding national identity and historical memory but also a political forum for émigré journalism. The journal opposed Soviet policies of assimilation, solidified the cultural and linguistic connections of the Turkic people, and promoted

autonomy. The academic importance of this book is that it presents a fresh understanding of émigré journalism from Turkestan and documents the development of journalistic discourse. Its applicability stems from its employment of the experience in using this history to explain contemporary information conflicts and national identity issues.

Keywords: *Yash Turkistan*, Mustafa Shokay, émigré press, style of *Yash Turkistan*.

Ү. Сайдирахман

НАО «Университет Шакарима», Высшая школа филологии, Семей, Казахстан

e-mail: ushkyn86@gmail.com

Лингвистические, стилистические и дискурсивные особенности журнала «Яш Туркестан»

Настоящее исследование посвящено рассмотрению языковых, публицистических и идейных особенностей журнала «Яш Туркестан», выходившего в эмиграции в первой половине XX века. Этот период (1929–1939), когда редактором журнала был Мустафа Шокай, связан с формированием особого идейного пространства, противопоставленного колониальной политике Советского Союза. Издание выполняло роль не только публицистической трибуны, но и средства сохранения национальной самобытности народов Туркестана, одновременно утверждая мысль о необходимости независимости.

Задача работы заключается в том, чтобы на материале журнала выявить особенности его лексики, грамматического строя и стилистики, а также определить, каким образом эти элементы способствовали формированию национального сознания и становлению политико-коммуникативных практик эмиграции.

Научная и практическая значимость исследования обусловлена тем, что опыт информационной борьбы начала XX века позволяет по-новому взглянуть на современные механизмы идеологического противостояния и вопросы информационной безопасности. В работе применяются историко-филологический, дискурсивный, лингвостилистический и сравнительный методы, а также контент-анализ. Особое внимание уделено тому, какие лексические пласты были задействованы в текстах («чагатайская» традиция, различные тюркские идиомы, арабо-персидская и османская терминология, заимствования из западноевропейских языков). Помимо этого, анализируются грамматические особенности (сохранение древнетюркских форм, проявления морфологической интерференции), синтаксические структуры (от сложноподчинённых предложений до публицистически лаконичных конструкций), а также риторические приёмы – от прямых призывов и метафор до полемических методов аргументации.

Полученные результаты показывают, что «Яш Туркестан» был не только органом сохранения культурной памяти и национальной идентичности, но и ареной политической борьбы эмигрантской интеллигенции. Журнал выступал против политики советской ассимиляции, укреплял идеи культурно-языкового единства тюркских народов и способствовал закреплению национальной идеологии. Новизна работы состоит в том, что туркестанская эмиграционная журналистика рассматривается как самостоятельное явление, а её публицистический дискурс прослеживается в динамике. Практическая значимость исследования заключается в том, что исторический опыт «Яш Туркестана» может быть использован для анализа современных форм информационного противостояния и проблем национальной идентичности.

Ключевые слова: Яш Туркестан, Мустафа Шокай, эмиграционная пресса, язык «Яш Туркестан».

Кіріспе

XX ғасырдың басындағы жаһандық өзгерістер Түркістан даласының саяси, әлеуметтік және мәдени дамуына айтарлықтай ықпал етті. Әсіресе 1917 жылғы Ақпан және Қазан төңкерістері Ресей империясының ыдырауына әкеліп, большевиктік биліктің орнығуына жол ашты. Бұл үдеріс бұрынғы отарлық шет аймақтарда, соның ішінде Қазақстан, Түркістан өлкесінде, ұлт-азаттық қозғалыстың жаңа кезеңін қалыптастырды. Кеңес үкіметінің қатаң орталықтандырылған

саясаты түркі халықтарының ұлттық мүдделеріне қайшы келіп, жергілікті зиялы қауым мен саяси элитаның бір бөлігін эмиграцияға кетуге мәжбүр етті. Эмиграцияға ұшыраған түркістандық зиялылар өз идеяларын тарату мақсатында халықаралық аренада баспасөз құралдарын пайдаланып, күрестерін жалғастырды. Бұл кезең – түркі халықтарының болашағы мен ұлттық мүддесін қорғау жолында ақпараттық күрестің аса маңызды алаңға айналған уақыты болды.

Осындай күрделі тарихи кезеңде 1929–1939 жылдар аралығында Берлинде «Яш Түр-

кістан» журналы жарық көріп, түркістандық ұлттық қозғалыстың маңызды идеологиялық және публицистикалық мінберіне айналды. Басылымның негізін қалаушы әрі бас редакторы Мұстафа Шоқай эмиграциядағы түркі зиялыларымен бірлесіп, Кеңес билігінің Түркістандағы саясатына балама көзқарас ұстанды және түркі халықтарының тәуелсіздікке деген ұмтылысын насихаттады. Мұстафа Шоқайдың бастапқыда 1917 жылғы төңкерістің түркі халықтарына жаңа мүмкіндіктер беретініне сенді, алайда тарихи жағдай оның бұл үмітінің жүзеге аспайтынын көрсетті. «We believed and hoped that the 1917 revolution would give us an opportunity to build a national state. But we realized that our hopes will not be justified» (Zholmakanova, 2018: 117). Мұстафаның бұл ойы кеңестік билікке деген түбегейлі көзқарасының өзгергенін және оның эмиграциядағы саяси қызметінің бағыт-бағдарын айқындағанын көрсетті.

«Яш Түркістан» беттерінде Түркістан өлкесінің саяси, мәдени, әлеуметтік мәселелері кеңінен талқыланып, большевиктік биліктің отаршылдық саясаты сынға алынды. Сонымен қатар басылым Түркістандағы және әлемдік деңгейдегі саяси үрдістерге қатысты халықаралық сарапшылардың пікірлерін жариялап, жаһандық саяси талқылаулардың бір бөлігіне айналды. Осылайша, журнал түркі халықтарының ортақ тарихи, мәдени және тілдік негіздерін сақтауға әрі нығайтуға ықпал етті.

«Яш Түркістан» журналы XX ғасырдың алғашқы жартысындағы түркі халықтарының ұлт-азаттық күресінің ең маңызды кезеңдерінің бірін құжаттаумен қатар, ұлттық сана қалыптастырушы факторлардың бірі болды. Кеңес билігі түркі халықтарын бір-бірінен алшақтату мақсатында түрлі тілдік реформалар жүргізіп, олардың ортақ байланыстарын әлсіретуге ұмтылды. Әсіресе, әртүрлі латын әліпбиіне көшіру саясаты мәдени-тілдік тұтастықтың ыдырауына әкелді. Осындай сындарлы шақта «Яш Түркістан» ортақ түркілік рухты жандандыруға талпынып, басылым беттерінде тілдік бірлікті сақтау мен ұлттық құндылықтарды қорғау мәселелерін көтерді. Сонымен қатар, журналда Түркістан халықтарының мәдени мұрасын сақтау, отарлық езгінің зиянын көрсету, әлеуметтік-экономикалық жағдайды баяндау және тәуелсіздікке жетудің баламалы жолдарын ұсыну сияқты ауқымды мәселелер талқыланды. Осы тұрғыдан алғанда, «Яш Түркістан» журналының публицистикалық дискур-

сындағы негізгі ерекшеліктерді, оның тілдік құрылымын және ұлттық сана қалыптастырудағы рөлін жан-жақты талдау аса маңызды..

Бұл зерттеу аясында «Яш Түркістан» журналының тілдік құрылымы, публицистикалық ерекшеліктері мен идеологиялық бағытына әсер еткен факторлар анықталып, оның ұлттық сана қалыптастырудағы рөлі сараланады. Аталған мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылды:

- басылымның публицистикалық дискурсын сипаттау, яғни авторлар қолданған риторикалық әдістерді, стильдік ерекшеліктерді талдау;

- журнал тілінің лексикалық ерекшеліктерін талдау және оның көптілді құрылымын бағалау;

- түркі халықтарының ұлттық бірегейлігін қалыптастырудағы «Яш Түркістан» журналының рөлін анықтау;

- журнал материалдары негізінде оның жалпы түркілік идеяларды қалыптастырудағы ықпалын саралау.

Мұстафа Шоқайдың тұлғасы мен оның эмиграциядағы қызметі бірнеше зерттеушілердің еңбектерінде қарастырылған. Олардың қатарында Әбдіуақап Қара, Дархан Қыдырәлі, Бақыт Садықова, Көшім Есмағамбетов сынды ғалымдар бар. Бұл зерттеулер негізінен Мұстафа Шоқайдың саяси күресі, публицистикалық қызметі және эмиграциялық баспасөздің рөліне бағытталған. Алайда «Яш Түркістан» журналының тілдік және дискурсивті ерекшеліктері әлі де жан-жақты қарастыруды талап етеді. Сондықтан бұл зерттеу аталған басылымның лексикалық, стилистикалық және публицистикалық ерекшеліктерін талдай отырып, оның саяси-коммуникативтік тетіктерін анықтауды мақсат етеді.

«Яш Түркістан» тек саяси насихат құралы ғана емес, сонымен бірге ғылыми-мәдени ағартушылық қызмет атқарды. Онда түркі халықтарының тарихына, әдебиеті мен мәдениетіне арналған мақалалар жарияланып, олардың отарлық езгіден арылуы үшін тарихи сабақтастықты жаңғырту қажеттілігіне ерекше мән берілді.

Бұл зерттеу «Яш Түркістан» журналының тілдік ерекшеліктерін, публицистикалық дискурсын және оның идеологиялық бағытын қарастырады. Алынған нәтижелер XX ғасыр басындағы түркі зиялыларының интеллектуалдық күресін, олардың ұлттық сана қалыптастырудағы рөлін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар бұл зерттеу ұлт-азаттық қозғалыстың саяси-коммуникативтік тетіктерін ғылыми тұрғыда бағалауға жол ашады.

Материал және әдістер

Бұл зерттеу «Яш Түркістанның» саяси-идеологиялық дискурсын талдау негізінде журналдың тілдік, стильдік және публицистикалық ерекшеліктерін анықтауға бағытталған. Журналдың лексикалық, морфологиялық, синтаксистік және публицистикалық құрылымдарына сараптама жасалып, оның түркі халықтарының ұлттық сана-сының қалыптасуына ықпалы зерделенеді.

Зерттеу нысаны ретінде 1929-1939 жылдары Мұстафа Шоқайдың редакторлығымен Берлинде жарық көрген «Яш Түркістан» журналы алынды. Бұл басылымның материалдары оның саяси-публицистикалық қызметін жан-жақты ашуға мүмкіндік береді.

Зерттеу үшін мынадай материалдық база пайдаланылды:

- журналдың толық нұсқасы – 1929-1939 жылдары жарық көрген барлық сандары;
- лексикалық талдау – мәтін корпусындағы жиі қолданылатын сөздер мен тіркестерді сұрыптау;
- грамматикалық зерттеу – журнал мәтіндерінің морфологиялық және синтаксистік ерекшеліктерін анықтау;
- стильдік зерттеу – публицистикалық дискурстың риторикалық және стилистикалық әдістерін талдау.

Зерттеуде кешенді әдістемелік тәсілдер қолданылды:

1. Тарихи-филологиялық әдіс (журнал мәтіндерінің тілдік құрылымы тарихи контексте қарастырылып, даму динамикасы айқындалады);
 2. Дискурсивті талдау («Яш Түркістан» журналының Кеңес үкіметіне қарсы идеологиялық бағыттағы рөлі мен ондағы риторикалық тәсілдері анықталады);
 3. Лингвостилистикалық әдіс (сөздің құрамы зерттеліп, публицистикалық стильдің ерекшеліктері сипатталады, мәтіндегі экспрессивті құрылымдар талданады);
 4. Салыстырмалы-салғастырмалы әдіс («Яш Түркістан» мәтіндерін басқа эмиграциялық баспасөзбен, кеңес баспасөзімен салыстыра отырып, оның тілдік және дискурсивтік ерекшеліктері анықталады);
 5. Контент-талдау (журнал материалдарының негізгі тақырыптық бағыттары, саяси және публицистикалық идеялары айқындалады).
- Аталған әдістерді қолдану арқылы зерттеу барысында мынадай негізгі сұрақтарға жауап берілді:

1. Журналдың сөздік құрамы қандай тілдік қабаттарды қамтиды және олардың өзара ықпалдастығы қалай көрінеді?

2. Саяси терминологияның қалыптасу ерекшеліктері қандай?

3. Журнал мәтіндерінде шағатай, түркі (қазақ, өзбек, татар) және османлы түрікшесінің грамматикалық құрылымдары қалай көрініс тапқан?

4. Морфологиялық және синтаксистік құрылымдар публицистикалық дискурстың ерекшеліктерін қалай айқындайды?

5. Журналда қандай риторикалық тәсілдер қолданылды?

6. Кеңес билігінің саясатына қарсы қандай дискурсивті стратегиялар жүзеге асырылды?

7. «Яш Түркістан» журналы түркі халықтарының ұлттық сана-сезіміне және саяси бірлігіне қалай ықпал етті?

8. Оның публицистикалық әдістері мен ақпараттық күрес тәсілдері бүгінгі саяси дискурспен қандай байланысқа ие?

Гипотеза

Бұл зерттеу «Яш Түркістан» журналының эмиграциялық баспасөздің саяси күрес құралы ретінде қызмет атқарғанын дәлелдейді. Басылым тек ақпараттық алаң ғана емес, Кеңес билігіне қарсы балама идеологиялық дискурсты қалыптастырушы рөл атқарды. Оның лексикалық құрылымы мен публицистикалық әдістері түркі халықтарының ұлттық бірегейлігін сақтау және отаршылдық саясатқа қарсылық білдіру мақсатында арнайы тандалған.

Зерттеу келесі 5 кезеңнен тұрды:

1. Деректерді жинақтау және сұрыптау – 1929-1939 жылдардағы «Яш Түркістан» журналындағы мақалаларды зерттеу.

2. Лексикалық талдау – мәтіндердегі түркі, араб-парсы, османлы түрікшесі және батыс еуропалық терминологияның қолданысын анықтау.

3. Грамматикалық талдау – журналдың морфологиялық және синтаксистік құрылымын саралау, тілдердің ықпалдасу ерекшеліктерін анықтау.

4. Стильдік талдау – публицистикалық мәтіндердегі риторикалық құралдарды талдау, стильдердің үйлесімін анықтау.

5. Дискурсивті талдау – Кеңес үкіметінің идеологиялық насихатына балама ретінде қалыптасқан эмиграциялық дискурсты бағалау.

Кешенді әдістемені қолдану нәтижесінде төмендегідей қорытындылар жасалды:

- Журналдың сөздік қорын сипаттау (ексикалық қабаттардың өзара ықпалдастығы анықталып, түркі, араб-парсы, османлы түрікшесінің элементтері зерттелді).

- Морфологиялық және синтаксистік ерекшеліктерді айқындау (журналдағы шағатай, қазақ, өзбек, татар тілдерінің грамматикалық ерекшеліктері сараланып, публицистикалық стильдің синтаксистік құрылымдары талданды).

- Риторикалық тәсілдер мен саяси дискурстың ерекшеліктерін анықтау (Кеңес үкіметінің саясатына қарсы балама дискурс қалыптастырудағы әдістер мен эмиграциялық публицистиканың ықпал ету тәсілдері сипатталды).

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен практикалық маңызы

Бұл зерттеу:

- Тарихи-публицистикалық зерттеулерге үлес қосады – «Яш Түркістан» журналының Кеңес билігіне қарсы ақпараттық күресіндегі рөлін ашады.

- Түркі тілдерінің эволюциясын зерттеуге негіз қалайды – тілдік ықпалдастықты айқындайды.

- Публицистика мен ақпараттық күрес әдістерін түсінуге көмектеседі – кеңес насихатына қарсы қолданылған әдістерді талдайды.

- Эмиграциялық журналистика мен саяси баспасөз тарихын кеңейтеді – XX ғасыр басындағы ақпараттық күрестің ерекшеліктерін ашады.

Осылайша зерттеу нәтижелері миграциялық баспасөздің аяси дискурстағы қызметін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Әдебиетке шолу

«Яш Түркістан» журналы XX ғасырдың 20-30-жылдарындағы түркі эмиграциясының маңызды баспасөзі ретінде бірнеше зерттеушінің еңбегінде қарастырылған. Бұл зерттеулер негізінен Мұстафа Шоқайдың саяси күресі, эмиграциялық қызметі және Кеңес билігінің отаршылдық саясатына қарсы идеологиялық ұстанымдарына бағытталған. Дегенмен, журналдың лингвистикалық ерекшеліктері, публицистикалық дискурсы және оның ақпараттық-идеологиялық стратегиялары туралы зерттеулер жүйелі түрде қарастыруды қажет етеді.

Журналдың мазмұнын, құрылымдық ерекшеліктерін және саяси дискурсын жан-жақты талдау үшін ең алдымен Мұстафа Шоқайдың төл туындыларына жүгіну қажет. Бұл тұрғыда «Қайнар» баспасынан жарық көрген үш томдық

таңдамалы шығармалар жинағы (Шоқай, 2007) мен Көшім Есмағамбетов алғысөзі мен түсініктерін жазып құрастырған Мұстафа Шоқай шығармаларының толық жинағының 5-12 томдары ерекше маңызға ие (Шоқай, 2013). Бұл жинақтарда эмиграциядағы еңбектері мен «Яш Түркістан» журналына жазған мақалалары жүйелі түрде топтастырылған.

Мұстафа Шоқайдың эмиграциядағы саяси стратегиясы мен «Яш Түркістан» арқылы жүргізген идеологиялық күресі қазіргі заманғы зерттеулерде де кеңінен талданған. Бұл тұрғыда Әбдіуақап Қара (Қара, 2004: 263-273), Дархан Қыдырәлі (Қыдырәлі, 2012: 189-203), Бақыт Садыкова (Садыкова, 2008: 190-198) сынды ғалымдардың еңбектері маңызды орын алады. Бұл зерттеулерде оның тәуелсіз Түркістан идеясының қалыптасу жолдары, эмиграциялық баспасөздегі рөлі және кеңестік насихатқа қарсы жүргізген ақпараттық күресі жан-жақты сарапталған.

«Яш Түркістан» журналы тек саяси насихат құралы ғана емес, сонымен қатар ғылыми-мәдени ағартушылық қызмет атқарған басылым болды. Осы тұрғыда Мәмбет Қойгелді (Қойгелдиев, 1998: 7-31) зерттеуі басылымның тарихи маңызын анықтауға үлес қосты. М. Қойгелдиев пен А. Нүсіпхан жинақтың ғылыми алғысөзінде басылымның Кеңес үкіметінің саяси-идеологиялық насихатына балама дискурстық кеңістік ретінде қызмет еткенін көрсетеді.

Шетелдік зерттеушілердің еңбектерінде де «Яш Түркістан» басылымының түркі эмиграциялық қозғалысындағы орны кеңінен қарастырылған. Tülay Duran (Duran, 1997: 7-11) мен Timur Hocaoglu (Hocaoglu, 1997: 25-29), Tülay Köseoğlu (Köseoğlu, 2020: 138-140) зерттеулері журналдың түркі эмиграциялық баспасөзіндегі рөлі мен маңызын, XX ғасыр басындағы ақпараттық күрестегі орнын талдайды, басылымның тіл, стиль ерекшелігін де қарастырады. Сонымен бірге Eftal Şükrü Batmaz (Batmaz, 2015: 122-127) өз зерттеуінде «Яш Түркістанның» дискурсивті стратегияларын қарастырды. Бұл зерттеушілер журналдың Кеңес үкіметінің отаршылдық саясатына қарсы идеологиялық құрал ретіндегі қызметін анықтап, оның түркі халықтарының ақпараттық қарсылығын ұйымдастырудағы орнын ерекше атап өтеді.

Жоғарыда аталған зерттеулер «Яш Түркістан» журналының тарихи, саяси және публицистикалық маңызын ашуға үлес қосады. Дегенмен, басылымның лингвистикалық ерекшеліктері,

дискурстық стратегиялары және кеңестік насихатқа балама ақпараттық әдістері әлі де тереңірек зерттеуді қажет етеді. Бұл бағыттағы кешенді зерттеулер түркі халықтарының XX ғасыр басындағы ақпараттық кеңістігі мен публицистикалық дәстүрін жаңаша түсінуге мүмкіндік береді.

«Яш Түркістан» журналының тілдік және стильдік ерекшеліктері толыққанды зерттелмегенімен, оның публицистикалық дискурсы мен риторикалық құрылымдарына назар аударған еңбектер бар. Бұл басылымдағы лексикалық, морфологиялық және синтаксистік ерекшеліктер оның кеңестік насихатқа қарсы тұру құралы ретінде қалыптасқанын көрсетеді.

Журналдың сөздік құрамын талдау барысында оның бірнеше түркі тілдік қабаттарды қамтитынын байқауға болады. Атап айтқанда, шағатай, османлы түрікшесі, қазақ, өзбек және татар тілдерінің синтаксистік құрылымдары мен лексикалық элементтері мәтіндерде көрініс тапқан. Сонымен қатар, саяси дискурста араб-парсы және батыс еуропалық терминологияның белсенді қолданылғаны анықталды.

Журнал мәтіндерінде лингвистикалық ерекшеліктер айқын байқалады:

- Лексикалық деңгейде – терминологияның ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы рөлі;

- Морфологиялық деңгейде – түрлі түркі тілдерінің сөзжасамдық үлгілерінің қатар қолданылуы;

- Синтаксистік деңгейде – публицистикалық мәтіндердегі сөйлем құрылымының ерекшеліктері.

Бұл бағыттағы зерттеулер лексикалық ықпалдастықты, публицистикалық әдістерді, риторикалық құрылымдарды және саяси-коммуникативтік тетіктерді анықтауға мүмкіндік береді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы және практикалық маңызы

Жоғарыда аталған зерттеулер негізінде «Яш Түркістан» журналының публицистикалық ерекшеліктері, саяси-идеологиялық бағыттағы қызметі және түркі халықтарының тарихи жадын сақтаудағы рөлі анықталады. XX ғасырдың 20-30-жылдарында жарық көрген бұл басылым публицистика мен ақпараттық күрес құралы ретінде қызмет атқарып, ұлттық сана-сезімді оятуда маңызды рөл атқарды.

Бұл зерттеу «Яш Түркістан» журналының тілдік ерекшеліктерін, публицистикалық дискурсын және оның идеологиялық бағытын кешенді түрде қарастырады. Нәтижесінде:

- Түркі эмиграциялық баспасөзінің рөлі туралы түсінік кеңейеді;

- Кеңес үкіметінің идеологиялық насихатына қарсы балама дискурстық кеңістіктің қалыптасуы айқындалады;

- Лексикалық және морфологиялық ерекшеліктері анықталып, олардың публицистикалық ықпалы зерттеледі.

Сонымен қатар бұл зерттеу XX ғасырдың басындағы түркі зиялыларының интеллектуалдық күресі мен олардың ұлттық сана қалыптастырудағы рөлін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, «Яш Түркістан» журналы эмиграциялық баспасөздің маңызды өкілі ретінде тек ақпарат тарату алаңы ғана емес, сонымен қатар саяси-коммуникативтік құрал қызметін атқарды. Оның тілдік, публицистикалық және идеологиялық ерекшеліктерін зерттеу түркі халықтарының ұлттық санасы мен азаттық жолындағы күресін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Бұл зерттеу «Яш Түркістан» басылымының саяси, тарихи және лингвистикалық аспектілерін кешенді түрде талдауға негіз қалайды. Сонымен бірге, алдыңғы зерттеулердің аясын кеңейтіп, басылымның түркі зиялыларының ақпараттық және идеологиялық күресіндегі орнын нақтылауға мүмкіндік береді.

Нәтижелер мен талқылау

«Яш Түркістан» журналының тілі – оның идеологиялық бағытымен, тарихи кезеңнің саяси-мәдени жағдайымен және түркі халықтарының ортақ тілдік моделін қалыптастыруға деген ұмтылыспен тығыз байланысты. Журналдың тілдік құрылымын лексикалық, грамматикалық, семантикалық және стилистикалық тұрғыдан жан-жақты қарастыру маңызды.

I Лексикалық құрылымы

«Яш Түркістан» журналының лексикалық құрылымы бірнеше қабаттан тұрады, бұл оның саяси, идеологиялық, мәдени-рухани бағытын анықтайтын маңызды факторлардың бірі болып табылады. Басылым редакциясы түркі халықтарына ортақ тілдік модель құруды көздеді. Бұл ұстаным Исмаил Гаспринскийдің «Тәржіман» газетіндегі «Тілде, істе, пікірде бірлік» қағидатымен үндесіп, түркі халықтарының өзара түсіністігін нығайтуға бағытталды. Гаспринский ұсынған «Лисани Умуми» (жалпы түркі тілі) идеясы XX ғасырдың басындағы зиялылар ортасында қолдау тауып, Мұстафа Шоқай бастаған

эмиграциялық топтың да басты мақсатына айналды (Қара, 2004: 268).

Журналда қолданылған лексикалық қабаттарды бірнеше негізгі топтарға бөлуге болады:

1. Ортақ тілдік модель – шағатай тілінің ықпалы;

2. Араб және парсы тілдерінен енген сөздер;

3. Османлы түрікшесінің элементтері;

4. Батыс Еуропа тілдерінен енген терминдер;

Бұл қабаттар басылымның тілдік құрылымында белгілі бір қызмет атқарып, публицистикалық дискурстың ерекшеліктерін қалыптастырды.

1. Ортақ тілдік модель – Шағатай тілінің ықпалы

«Яш Түркістан» журналының лексикалық құрылымында ортақ тіл қалыптастыру мақсатында шағатай тілі маңызды рөл атқарды. Шағатай тілі Орта Азиядағы ғылыми, әдеби және ресми құжаттарда қолданылған дәстүрлі жазба тіл ретінде кеңінен танымал болды. Бұл тілде Әлішер Науаи, Захириддин Бабыр, Мұхаммед Хайдар Дулати сынды ойшылдар өз шығармаларын жазды. Мұстафа Шоқай бастаған эмиграциялық топ осы дәстүрді жалғастырып, түркі халықтары үшін ортақ түсінікті қамтамасыз ету мақсатында шағатай тілінің негізінде публицистикалық стильді қалыптастыруға тырысты. Журналдың лексикалық ерекшеліктері оның саяси және

идеологиялық бағытын ғана емес, түркі халықтарының ортақ тілдік моделін жасауға деген талпынысын да көрсетті. Сонымен қатар «Яш Түркістан» тек баспасөз органы ғана емес, сондай-ақ кеңестік ассимиляциялық саясатқа қарсы түрудің интеллектуалдық құралы болды.

Алайда XX ғасырдың басында шағатай тілі толыққанды қолданыстағы тіл ретінде сақталмай, оның орнына жаңа ұлттық тілдер қалыптаса бастады. Осыған байланысты «Яш Түркістан» журналы таза шағатай тілін қолданбай, оны заманауи публицистикалық дискурсқа икемдеді (Batmaz, 2015: 122). Журналдың тілінде қазақ, өзбек, татар, түрік, қырғыз және басқа да түркі халықтарының тілдік элементтері кездеседі. Бұл әдіс түрлі этникалық топтарға ортақ тілдік түсінік қалыптастыруға мүмкіндік берді.

2. Араб және парсы сөздерінің ықпалы

Араб және парсы тілдері Орта Азия халықтарының жазба мәдениетіне терең ықпал еткендіктен, бұл элементтер «Яш Түркістан» журналында да кеңінен қолданылды. Араб тілі, әсіресе, діни, философиялық және ресми-әкімшілік лексиканың негізін құрады. Мысалы, басылым мұқабасына жазылған «Түркістан милли истиклал фикиріге қызмет етуші айлық межумә» сөйлеміндегі «Истиклал» (тәуелсіздік), «Межумә» (журнал), «Инқылап» (төңкеріс) сөздері араб тілінен енген терминдер (1-кесте).

1-кесте – «Яш Түркістанда» кездесетін кейбір араб сөздері

Сөз түрінде	Транскрипция	Мағынасы
مجموعه	Межумә	Журнал, жинақ, басылым
خراب	Хараб	Қираған, бүлінген
شبهه	Шүбһә	Күмән, күдік
جبهه	Жебһә	Майдан, майдан шебі
انتباه	Інтибах	Ояныс, серпілу
مجاهدة	Мүжаделе	Күрес, қарсыласу
انقلاب	Инқылап	Төңкеріс, реформа
مدرس	мүдәррис	Мұғалім, ұстаз
مناظرة	мұназар	Пікірталас, дебат
استقلال	Истиклал	Тәуелсіздік

Парсы тілінен енген сөздер көбінесе поэзия, философия және әлеуметтік-қоғамдық өмір салаларына қатысты болды. Бұл сөздер көбінесе публицистикалық мәтіннің бейне-

лілігін арттыру үшін қолданылды. Олардың ішінде «Баһане» (себеп), «Шөһрәт» (даңқ), «Һиммет» (жомарттық) сияқты сөздер жиі қолданылды (2-кесте).

2-кесте – «Яш Түркістанда» кездесетін кейбір парсы сөздері

Сөз түрінде	Транскрипция	Мағынасы
درویش	Дәруиш	Құдай жолын ұстанушы, тақуа
بهانه	Баһане	Себеп, сылтау
شهريت	Шөһрәт	Даңқ, атақ
عداوت	Адауәт	Қастық, дұшпандық
همت	Һиммет	Жомарттық, қайырымдылық

3. Османлы түрікшесінің элементтері

Журнал публицистикалық дискурсында османлы түрікшесінің элементтері әкімшілік, саяси және әскери терминологияда көрініс тапты. Журнал авторларының көпшілігі Осман империясы мен оның мәдени мұрасын жақсы білетіндіктен османлы түрікшесіне тән терминдер мен лексикалық элементтерді еркін қолданды. Османлы дәуірінде кең таралған «Миллет» (ұлт), «Иттихат» (бірлік), «Маариф» (білім), «Мұдафаа» (қорғаныс) сияқты терминдер басы-

лымда жиі ұшырасты (3-кесте). Бұл терминдер идеологиялық тұрғыдан ұлттық қозғалыстарды сипаттауда, тәуелсіздік күресі, ұлтшылдық және реформалар туралы мақалаларда жиі кездеседі. Әскери дискурста «мұдафаа» (қорғаныс), «мағлуб» (жеңілген) сияқты терминдер Түркістан халықтарының күрес жағдайын сипаттаса, реформалық терминологияда «инқылап» (төңкеріс) және «истиклал» (тәуелсіздік) сөздері жиі қолданылып, ұлт-азаттық қозғалыстардың идеологиялық негізін қалыптастырды.

3-кесте – «Яш Түркістанда» кездесетін кейбір Османлы түрікшесі элементтері

Сөз түрінде	Транскрипция	Мағынасы
حریت	Хүрриет	Еркіндік, бостандық
ملت	Миллет	Ұлт, халық
اتحاد	Иттихат	Бірлік, одақ
مدافعه	Мұдафаа	Қорғаныс, қорғау
معارف	Маариф	Білім, ағарту
مغلوب	Мағлуб	Жеңілген
مفکوره	Мефкүре	Идея, мақсат
عدالت	Әдалет	Әділдік, сот жүйесі

4. Батыс еуропалық терминдер

Журналда батыстық саяси ұғымдар да белсенді түрде қолданылды. Бұл ХХ ғасыр басында Батыс елдерінің саяси және экономикалық жүйелерінің ықпалының күшеюімен байланысты. «Демократия», «Революция», «Федерация», «Конституция», «Парламент», «Империализм», «Социализм», «Идеология» сияқты терминдер Кеңес билігінің саясатын талдауда және Батыс елдерінің басқару жүйелерімен салыстыруда қолданылды. Бұл ерекшелік «Яш Түркістан» журналының тек түркі жұртына ғана емес, халықаралық саяси пікірталасқа қатысуға талпынғанын көрсетеді.

Түйіндеп айтқанда, «Яш Түркістан» журналының лексикалық құрылымы оның идеологиялық, саяси және мәдени-рухани бағыттарын айқындайтын маңызды факторлардың бірі болды. Басылымда түркі халықтарына ортақ тілдік модель қалыптастыру мақсатында шағатай тілінің дәстүрлері сақталды, сонымен қатар араб-парсы, османлы түрікшесі және Батыс Еуропа тілдерінен енген терминдер кеңінен қолданылды. Бұл көпқабатты лексикалық құрылым журналының ұлттық сана-сезімді оятуға, түркі халықтарының өзара түсіністігін нығайтуға және әлемдік саяси процестерге қатысуға ұмтылғанын көрсетеді. Оның публицистикалық дискурсы

тарихи жазба дәстүрлерді сақтай отырып, заманауи саяси-идеологиялық мазмұнмен ұштасып, кең ауқымды оқырманға түсінікті болуға бағытталды.

II Грамматикалық ерекшелік

«Яш Түркістан» журналының грамматикалық құрылымын талдау барысында оның морфологиялық және синтаксистік ерекшеліктері айқындалады. Бұл ерекшеліктер аналитикалық құрылымдардың араласуын, күрделі синтаксистік формалардың қолданылуын, көне грамма-

тикалық формалардың сақталуын және қазіргі заманға бейімделген публицистикалық синтаксистік модельдерді қамтиды.

Журнал мәтіндерінде көне түркілік морфологиялық құрылымдар сақталып, олар түркі халықтарының жазба мәдениетіндегі дәстүрлі нормалармен үйлесім тапқан. Сонымен қатар тілдік реформаға дейінгі шағатай және османлы түрікшесінің кейбір грамматикалық элементтері қолданылған. Журнал тілінде ескі түркілік етістік формалары жиі кездеседі (4-кесте).

4-кесте – «Яш Түркістанда» кездесетін кейбір грамматикалық құрылымдар

	Түр	Құрылым	Мысал	Сілтеме
1	Шағатай және османлы түрікшесінің грамматикалық элементтері	«Идаре ету» (басқару), «нашир ету» (жариялау) сияқты шағатай және османлы түрікшесінің элементтерінің кездесуі	Идара ету мәселесі Түркістан тағдыры үшін шешуші мәнге ие, себебі дұрыс басқару болмаған жерде ұлттық бостандық мүмкін емес.	[Шоқайұлы, «Керенский және Түркістан ұлттық әрекеті II», Яш Түркістан, 1930, №11]
			Түркістанның шынайы тарихын нашир ету біздің басты міндетіміз, себебі кеңестік насихаттың шеңберінде бұл тарих бұрмаланып келеді.	[Шоқайұлы, «Он үш жыл», Яш Түркістан, 1930, №2]
2	Ескі түркілік формаларының қолданылуы	«Күрес қылмақ», «Бостандық алмақ», «Жаратпақ», «Қорғамақ» секілді етістіктің мақсаттық мағынада қолданылуы	Біз, Түркістан тәуелсіздігін ту етушілер, еліміздің еркі және жұртымыз Түркістанның бостандығы үшін күресеміз! Тәуелсіздікке жетпек үшін бар күшімізді салмақ керек.	[Шоқайұлы, «Біздің жол», Яш Түркістан, 1929, №1]

Журнал мәтіндерінде кездесетін «күрес қылмақ» (қазіргі тілдік қолданыста – «күресу»), «бостандық алмақ үшін» (қазіргі қолданыс нұсқасында – «бостандық алу үшін»), «Түркістан халқы өз құқығын қорғамақ» (қазіргі тілдік қолданыста – «Түркістан халқы өз құқығын қорғайды»), «жетпек» (қазіргі тілдік қолданыста – «жету») сияқты етістіктердің формалары көне түркі тілінен бастау алады. Бұл құрылымдар түркі халықтарына ортақ болып, уақыт өте келе шағатай, османлы түрікшесі және қазіргі түркі тілдерінде түрлі нұсқада қолданылып келеді. XIX ғасырдың соңына дейін кеңінен қолданылған бұл формалар XX ғасырдың басында біртіндеп қолданыстан шыға бастады. «Яш Түркістан» журналының бұл формаларды сақтауы оның тілдік дәстүрге адалдығын көрсетеді.

Сонымен қатар журнал мәтіндерінде ескі түркілік тәуелдік жалғау формалары да кездеседі. Мысалы, «құқықымыз» (қазіргі нұсқада – «құқығымыз»), «еліміз йолында» (қазіргі нұсқасы – «еліміз жолында»). Бұл қолданыстар ша-

ғатай жазба тілінің ықпалынан туындаған. XX ғасырдың басында түркі тілдерінде біртіндеп өзгеріске ұшыраған бұл құрылымдарды «Яш Түркістан» сақтап, дәстүрлі жазба нормаларды ұстануға тырысқан.

Журнал тілінде араб, парсы және османлы түрікшесінің морфологиялық элементтері де байқалады. Мысалы, кірме жұрнақтар:

-дар, -лер (көпше түркілік форма, бірақ парсы тілінде де кездеседі) → *мұхтарамдар* (құрметтілер);

-гер (парсы тіліне тән жұрнақ) → *инқилабгер* (төңкерісші);

-иет (араб және парсы тілдеріне тән) → *миллиет* (ұлт).

Бұл формалар негізінен саяси дискурста, публицистикалық және ғылыми мақалаларда жиі қолданылған. Журналдың морфологиялық және синтаксистік құрылымдарын сараптау оның тек ақпараттық сипатқа ие емес, сонымен қатар ұлттық тілдік дәстүрді сақтауға және дамытуға бағытталғанын көрсетеді.

Түйіндеп айтқанда, «Яш Түркістанның» грамматикалық құрылымына мыналар тән:

а) көне түркілік морфологиялық формалар сақталған (етістіктер, тәуелдік жалғаулар);

б) Шағатай және османлы түрікшесінен енген жұрнақтар жиі қолданылған.

III Синтаксистік ерекшелік

«Яш Түркістан» журналының синтаксистік құрылымы өте күрделі әрі көпқабатты. Бір жағынан, шағатай әдеби тілінің классикалық үлгісіне тән ұзақ әрі күрделі сөйлемдер кездессе, екінші жағынан, публицистикалық стильдің ықпалымен қысқа, нақты әрі өткір сөйлемдер де қолданылады. Күрделі синтаксистік құрылымдардың жиі кездесуі оның тарихи-талдау және ресми баяндама жанрларына тән ерекшелігінен. Әсіресе, шағатай және араб-парсы синтаксистік модельдеріне негізделген көп бағының-

қылы құрмалас сөйлемдер ойдың логикалық тұтастығын сақтауға және автор ұстанымын нақтылауға ықпал етеді. Мұндай құрылымдар көп жағдайда мәтіннің құрылымдық логикасын сақтау және аргументті айқындау қажеттілігінен туындайды. Бұл құбылысты зерттеуші Van Dijk те атап өтеді (Dijk, 2008: 166). Оның пайымынша, публицистикалық стильде ойды тұтастай жеткізу және дәлелдерді жүйелеу үшін құрмалас сөйлемдер жиі қолданылады. Әсіресе, себеп-салдарлық, шартты және қарсылықты бағыныңқылар автордың көзқарасын айқындап, мәтін құрылымын айқын әрі түсінікті етуге мүмкіндік береді. Журналда сонымен қатар саяси үндеулер мен үгіт-насихат мақалаларында кеңінен қолданылған қысқа, нақты және эмоционалды-экспрессивті сөйлемдер де жиі кездеседі (5-кесте).

5-кесте – «Яш Түркістанда» кездесетін синтаксистік ерекшеліктер

	Түр	Мысал	Сілтеме
1	Шағатай тілінің әсерімен құрылған ұзақ, күрделі сөйлемдер	Түркістандықтар мың бір жапа, талас-тартыс пен шағымдар арқасында осыдан үш ай ілгері совет үкіметін Өзбекстан оқу-ағарту комиссарлығына қарасты мекемелерде істі түрікше жүргізу хақында қарар шығаруға мәжбүр етті.	[«Ұлттықтандыру нәтижелері», Яш Түркістан, 1931, №24]
		Түркістанда жүргізіліп отырған большевиктік саясаттың мақсаты – ұлттық болмысымызды жойып, бізді мәңгірттендіру, өз жерімізде жат жұрттың боданына айналдыру.	[Байсынғар, «Ақ орыс, қызыл орыс – бәрі бір орыс», Яш Түркістан, 1930, №3-4]
		Бізге сын айту құқығы ғана емес, большевиктік жалған қитұрқы насихатқа тойтарыс беріп, шындықты қорғау құқығы да берілмеген.	[«Шовинизм турасында», Яш Түркістан, 1930, №2]
		Бүкіл Түркістанда, жүйеден Жетісуда көтерілісшілер «кекілік» тәрізді қырылды, көтеріліс көптен бастырылған болса да бұл қырғын патшалық биліктің жаназасы шыққаннан кейінгі демократиялық Уақытша үкімет, тіпті, Совет үкіметі дәуірінде де жалғасты.	[Тимурулы, «Түркістанда 16-жылғы қозғалыс», Яш Түркістан, 1931, №24]
2	Араб-парсы синтаксистік модельдерінің көрінісі	Түркістан халқы өз азаттығына жетпек үшін, отаршылдардың езгісінен құтылмақ керек, себебі еркіндіксіз ұлттың болашағы жоқ болмақ.	[«Түркістан ұлттық күресінің себеп-мақсаттары», Яш Түркістан, 1931, №21]
	Қысқа, өткір публицистикалық стильдегі сөйлемдер	Түркістан – азат болуы тиіс!	[«Большевиктердің бізге қарсы әрекеті», Яш Түркістан, 1931, №16]
		Біз тәуелсіздік үшін күресеміз!	[Тимурулы, «Түркістанда мектеп мәселесі», Яш Түркістан, 1930, №2]
		Құлдықта өмір сүрген халық – мәңгілік тұтқын!	[Тоқтамысұлы, «Ең алғы қасиетті міндетіміз», Яш Түркістан, 1931, №17]

	Түр	Мысал	Сілтеме
Қаратпа сөздердің белсенді қолданылуы, сөйлемдердің эмоционалды реңкке бай болуы		Ешқашан ұмытпандар, жеңіс – бірлікте. Жақсы ұғыныңдар, ұлттық рух пен ұлттық тәуелсіздіктен тыс ұлттық өмір болмайды.	[«Яш Түркістанның» үшінші жылдығы, Яш Түркістан, 1931, №25]
		Түркістандықтар! Ұлттық бостандық күресіндегі өлім – ұлттық құлдықтағы өмірден артық.	[«Яш Түркістанның» үшінші жылдығы, Яш Түркістан, 1931, №25]
		Жауап анық: орыстардың және Россияның мүддесін.	[Жанай, «Түркістанда жергіліктендіру неден көрініс береді?», Яш Түркістан, 1930, №2]
		Біз, Түркістан тәуелсіздігін ту етушілер, еліміздің еркі және жұртымыз Түркістанның бостандығы үшін күресеміз!	[«Біздің жол», Яш Түркістан, 1929, №1]
		Көркем жұлдыз, жеріміздің ең қадірлі туғаны! Неге бізден қашып мұнша жырақтарда қалыпсың?	[«Марс жұлдызына», Яш Түркістан, 1929, №7-8]

«Яш Түркістан» журналында күрделі құрмалас сөйлемдерге негізделген синтаксистік құрылымдардың басым болуы оның интеллектуалды мазмұнын көрсетеді. Шағатай тілі мен араб-парсы синтаксистік модельдеріне тән ұзақ сөйлемдер тарихи-талдау және саяси мақалаларда қолданылса, қысқа әрі өткір публицистикалық құрылымдар үгіт-насихаттық мәтіндерге тән. Бұл синтаксистік ерекшеліктер журналдың ұлттық идеяны дәріптеу мен саяси күреске үндеу функцияларын айқындайды. Айталық, «Түркістан халқы өз азаттығына жетпек үшін, отаршылдардың езгісінен құтылмақ керек, себебі еркіндіксіз ұлттың болашағы жоқ болмақ» сөйлемінің құрылымы араб-парсы әдеби үлгісіндегі аналогиялық модельдерге негізделген. Бағыныңқы сөйлемдер негізгі ойға тәуелді болып, себеп-салдар қатынасын білдіреді. Сондай-ақ «Түркістанда жүргізіліп отырған большевиктік саясаттың мақсаты – ұлттық болмысымызды жойып, бізді мәнгүрттендіру, өз жерімізде жат жұрттың боданына айналдыру» сөйлемі құрмалас сөйлемнің өрнегі болып табылады. Бұл сөйлем ұзақ әрі күрделі, сонымен қатар эмоционалды-экспрессивті әсері жоғары. Мұндай құрылымдар публицистикалық стильде оқырманның назарын аударып, үгіт-насихаттық әсерді күшейтуге бағытталған.

Шағатай тілінің ықпалымен құрылған ұзақ сөйлемдер де назар аударарлық. Мысалы, «Түркістандықтар мың бір жапа, талас-тартыс пен шағымдар арқасында осыдан үш ай ілгері совет үкіметін Өзбекстан оқу-ағарту комиссарлығына қарасты мекемелерде істі түрікше жүргізу хақында қарар шығаруға мәжбүр етті» сөйлемі бірнеше бағыныңқы құрылымнан тұрады. Мұн-

да «Түркістандықтар мың бір жапа, талас-тартыс пен шағымдар арқасында» – себеп бағыныңқы сөйлем, ал негізгі предикативті құрылым «совет үкіметін ... қарар шығаруға мәжбүр етті» болып тұр. Мұндай күрделі синтаксистік өрнектер «Яш Түркістан» тілінің терең тарихи-әдеби дәстүрлермен байланысын көрсетеді.

Журнал публицистикасының тағы бір маңызды ерекшелігі – қысқа, нақты және эмоционалды-экспрессивті сөйлемдердің мол қолданылуы. Бұл синтаксистік модельдер көбінесе саяси үндеулер мен үгіт-насихаттық мақалаларда көрініс табады. Журнал авторлары оқырманға тікелей әсер ету мақсатында бұйрық райдағы сөйлемдерді, 2-жактық есімдіктерді және арнайы лексикалық құрылымдарды пайдаланған. Мұндай тәсіл оқырманмен тікелей қарым-қатынас орнатып, мәтіннің әсерін күшейтуге ықпал етеді. Бұйрық райлы синтаксистік құрылым мен эмоционалды-экспрессивті сөйлемдердің әсері тұрпасында Ritter, E., & Wiltshko, M. (2020) мен Shormani, M., & Qarabesh, M. A. (2018) бір-бірін толықтырған ой айтады. Ritter, E., & Wiltshko, M. «...second person pronouns can generally be used personally or impersonally... However, when a vocative is added, only the personal interpretation is available», – деп екінші жак есімдіктерінің вокативтермен (тікелей үндеу) бірге қолданылғанда тыңдаушымен төте және жедел қарым-қатынас құруға ықпал ететінін айтса, Shormani, M., & Qarabesh, M. A. вокативтердің (тікелей үндеулердің) әлеуметтік өзара әрекеттесудегі ролі және олардың бұйрық, өтініш сияқты сөйлеу актілерін орындаудағы маңызын нақтылайды («Vocatives have long been considered to be

social-interaction elements, and perform several speech acts like threat, praise, command, complaint, request, order, etc»). Бұл ерекшелік «Яш Түркістанда», әсіресе, редакциялық мақалаларда, пікір материалдарында және шешендік мәнердегі мәтіндерде айқын көрінеді. Мысалы, «Түркістан – азат болуы тиіс!», «Біз тәуелсіздік үшін күресеміз!», «Құлдықта өмір сүрген халық – мәңгілік тұтқын!» сияқты сөйлемдер құрылымдық жағынан ықшам, мазмұндық тұрғыдан өткір және экспрессивті реңкі айқын. Мұндай сөйлемдер публицистикалық стильге тән агрессивті риториканы қалыптастырады және оқырманға эмоциялық әсер етуді көздейді.

Журналдағы публицистикалық құрылымдардың ерекшеліктерін айқындайтын тағы бір синтаксистік құбылыс – инверсия (сөздердің орын ауысуы). Публицистикалық стильде эмоционалды әсерді күшейту мақсатында сөздердің орын тәртібін өзгерту (инверсия) және белгілі бір сөз тіркестерін қайталау әдістері жиі қолданылады. Қоғамдық дискурста мұндай тәсілдер мәтіннің ырғақтылығын арттырып, негізгі ойларды ерекше көрсету үшін маңызды рөл атқарады. Өзірбайжан тілдер университетінің ғалымы L. A. Mustafayeva инверсия ұғымын мысалмен былай түсіндіреді (Mustafayeva, 2023): «Inversion: It means the performance of converting the correct order of words for the sake of emphasis. For example: He had hardly entered the room when his wife shouted (correct word order). Hardly had he entered the room when his wife shouted (inversion)». Публицистикалық мәтіндерде анафора, эпифора және синтаксистік инверсия сияқты әдістер қолданылып, мәтіннің эмоционалды әсері мен есте сақталу қабілеті күшейтіледі. Бұл әдіс «Яш Түркістанның» «Өлім – ұлттық құлдықтағы өмірден артық» сөйлемінде көрініс тапқан. Мұнда қалыпты сөз тәртібі «ұлттық құлдықтағы өмірден өлім артық» болуы тиіс болғанымен, сөздердің орын ауыстыруы арқылы автордың идеялық ұстанымы мен эмоционалды екпіні күшейтілген. Осылайша, инверсия тек стилистикалық емес, сонымен қатар семантикалық жүктемені де арттырады.

Публицистикалық стильге тән тағы бір ерекшелік – тұжырымды, дәл әрі айқын ойларды ықшам түрде беру. Кейбір мақалаларда ойды өткір жеткізу үшін қысқа әрі эллиптикалық құрылымдар қолданылады. Бұл тәсіл маңызды мәселелерді ерекше атап көрсету үшін тиімді тәсіл болмақ. Мысалы, «Жауап анық: орыстардың және Россияның мүддесін» сөйлемі қысқалығының арқасында оқырманға нақты әрі әсерлі ақпарат

ұсыну мақсатын атқарады. Бұл сөйлемде басты назар мазмұнға аударылып, оның анық әрі тікелей берілуі оқырманға түсінікті әрі ықпалды жеткізіледі. Публицистикалық мәтіндерде сондай-ақ ұзақ, күрделі сөйлемдер мен қысқа, нақты тұжырымдардың ауысып келуі де бар үрдіс. Бұл негізгі аргументтерді айқындап, оқырман назарын маңызды ойларға шоғырландыруға ықпал етеді. Сонымен қатар журнал мақалаларында қаратпа сөздер белсенді қолданылған. Мұндай синтаксистік модельдер мәтіннің үндеуші, насихаттық сипатын арттырады. «Біз, Түркістан тәуелсіздігін ту етушілер, еліміздің еркі және жұртымыз Түркістанның бостандығы үшін күресеміз!» сөйлемінде автордың өзіндік ұстанымы айқын көрініс табады, әрі ұлттық рухты көтеруге бағытталған ұрандық стиль қалыптасқан. Қаратпа сөздер мен үндеулер публицистикалық мәтіндерде автордың ұстанымын айқындап, оқырманның назарын аударуға, сондай-ақ мәтіннің насихаттық әсерін күшейтуге ықпал етеді. Бұл тәсілдер оқырманмен тікелей байланыс орнатуға мүмкіндік беріп, мәтіннің эмоционалды ықпалын арттырады және оны әрекетке шақыру құралы ретінде қызмет етеді. Айталық, «Journalistic Writing and Style» мақаласында (Jaakkola, 2018) публицистикалық стильдің негізгі ерекшеліктері талданып, төмендегідей тұжырым жасалады:

«Journalistic writing often employs direct address and rhetorical devices to engage readers and convey the author's stance, enhancing the persuasive impact of the text». Бұл пікір қаратпа сөздер мен риторикалық тәсілдердің публицистикалық мәтіндердегі оқырманмен қарым-қатынасты нығайтып, оның насихаттық сипатын күшейтетініне дәлел бола алады.

Жалпы алғанда, «Яш Түркістан» журналының синтаксистік құрылымы оның саяси-идеологиялық бағыты мен ұлттық бірегейлік қалыптастырудағы ұстанымдарын айқын бейнелейді. Журнал тілінде араб-парсы, шағатай және түркі тілдеріне тән синтаксистік модельдер өзара үйлесімді қолданылып, көпқабатты құрылымдар арқылы күрделі ойларды жеткізуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, қысқа әрі өткір сөйлемдер насихаттық әсерді күшейтіп, оқырманға ықпал етудің тиімді тәсіліне айналған. Бұл синтаксистік ерекшеліктер журналдың ұлттық сана мен рухани күресті қалыптастырудағы маңызын арттыра түседі. Оның морфологиялық және синтаксистік құрылымы түркі халықтарының тарихи жазба дәстүрін сақтау мен жаңғыртуға,

сондай-ақ ұлттық сана-сезімді оятуға бағытталған. Публицистикалық дискурс эмоционалды, экспрессивті әрі насихаттық әсері жоғары тілдік құралдармен ерекшеленіп, оқырманды жігерлендіруге және белсенді әрекетке ынталандыруға қызмет етеді.

IV Стильдік ерекшелік

«Яш Түркістан» журналының стильдік ерекшелігі оның саяси, идеологиялық және ұлттық-

мәдени ұстанымдарымен тікелей байланысты болды. Басылымның басты мақсаты – Кеңес билігінің отаршылдық саясатын әшкерелеу, түркі халықтарының тәуелсіздікке ұмтылысын насихаттау және ұлттық сана қалыптастыру болды. Осы мақсатта журнал әртүрлі публицистикалық, ғылыми-аналитикалық, эмоционалды риторикалық және полемикалық стильдік тәсілдерге сүйенді (6-кесте).

6-кесте – «Яш Түркістан» журналының стильдік ерекшелігі

	Түр	Мысал	Сілтеме
1	Риторикалық стиль	Бұл қайсы пролетариат диктаторлығы? Оны қайдан көрдіңіз?	[«Шовинизм турасында», Яш Түркістан, 1930, №2]
		Түркістанда кімдер үстемдік етіп отыр? Біз не үшін күресеміз?	[Яш Түркістандық, «Алман қаламгерінің Түркістан әсері», Яш Түркістан, 1930, №12]
2	Ғылыми-аналитикалық стиль	1932 жылы шеттен импорт ету қажетті саналған 230 мың тоннадан артығырақ мақта да жүз неше миллион алтын сомға тұрады.	[Шоқайұлы, «Түркістанда мақта төңірегіндегі күрес», Яш Түркістан, 1929, №1]
		Қазақстан Атқару Комитеті баспасөз органы болған «Еңбекші қазақ» газетасы «жоспар орындалмай қалды» десе, осы Атқару Комитеттің төрағасы Ерназарұлы Елтай Москваға барып «жоспар орындалды» дейді.	[«Түркістан хабарлары», Яш Түркістан, 1930, №2]
3	Полемикалық стиль	Кеңестік биліктің басында жүрген Тұрар Рысқұлов туралы былай дейді: «Большевик пердесі артынан түркістандық рухы көрініп тұратын Тұрар Рысқұлұлы ғана емес, 16 жылғы көтерілісті зерттеуші орыс большевик қаламгерлерінің өзі де бұл қозғалыстың Россия мен орысқа қарсы жалпы ұлттық әрекет болғандығын терістей алмаған.	[Шоқайұлы, «1916 жылғы ұлттық қозғалыс хақында большевиктер өтірігі», Яш Түркістан, 1931, №24]
		Біз наразылық жариялай алмаймыз. Өйткені наразылық жариялай алатын күшіміз жоқ. Біз сынамаймыз да. Өйткені біздің сынымыз дәрменсіз, ықпалсыз. Ол – ол ма, бізге сын айту құқығы да берілмеген. Бізге сын айту құқығы ғана емес, большевиктік жалған қитұрқы насихатқа тойтарыс беріп, шындықты қорғау құқығы да берілмеген.	[«Шовинизм турасында», Яш Түркістан, 1930, №2]
4	Публицистикалық стиль	Барлығымыз үшін ұлы саналған қастерлі мұраттың кереметтей күші арқасында Түркістан жастары тезден ұйымдаса бастады әрі өз араларынан күрескерлер шығара білді.	[«Яш Түркістанның» үшінші жылдығы, Яш Түркістан, 1931, №25]
		Егер журналда нұқсандар болды десек (әрине, нұқсандар болды) мұның жауапкершілігі Түркістан жас жазушыларына емес, журнал басшылығына жүктеледі. Бірақ журнал басшылығының да, ұлттық бағдарламаның да негізгі мазмұнын өзгертпес үшін барынша тырысқандықтарын ескерсек, жастарға кінә қоярлықтай да себеп қалмайды.	[«Яш Түркістанның» үшінші жылдығы, Яш Түркістан, 1931, №25]

«Яш Түркістан» журналы тек ақпарат тараумен шектелмей, сонымен қатар оқырманның санасына ықпал ету, оларды ұлттық бостандық үшін күреске жұмылдыру мақсатын көздеді.

Сондықтан басылым мәтіндерінде риторикалық тәсілдер кеңінен қолданылды. Бұл журналдың насихаттық дискурсын күшейтіп, оның эмоционалды және экспрессивтілік сипатын айқында-

ды. Журнал тіліндегі бұл ерекшеліктер публицистикалық стильдің классикалық белгілерімен астасып, оны саяси күрескерлік бағыттағы басылымға айналдырды.

Журнал мақалаларында оқырманның ойлау қабілетін белсендіру, оларды мәселеге араластыру және белгілі бір шешім қабылдауға итермелеу мақсатында риторикалық сұрақтар жиі қолданылды. Мұндай сұрақ-жауап, лепті және қайталама сөйлем құрылымдары экспрессивтілікті арттырып, аудиторияны эмоционалды тұрғыда баурауға, мәтіндегі негізгі ойларды айқындап, сендіру әсерін күшейтуге көмектеседі. Мысалы: «Бұл қайсы пролетариат диктаторлығы? Оны қайдан көрдіңіз?», «Түркістанда кімдер үстемдік етіп отыр? Біз не үшін күресеміз?». Бұл сұрақтар Кеңес үкіметінің саясатының әділетсіздігін көрсету және оқырманды нақты бір пікірге бағыттау үшін пайдаланылды. Мұндай әдіс насихаттық дискурстың әсерін күшейтіп, оқырманды мәселеге тікелей араласуға шақырады. Академиялық зерттеулер бұл тәсілдің тиімділігін растайды. Мәселен, Petty, Сасіорро және Heesacker (1981) зерттеуінде риторикалық сұрақтардың аудиторияның хабарламаны қабылдау деңгейін арттырып, сендіру ықпалын күшейтетінін тұжырымдады. Мұндай әдіс оқырманды талқыланып отырған мәселеге тереңірек үңіліп, белгілі бір шешім қабылдауға жетелейтіні нақтыланды.

«Яш Түркістан» мақалаларында метафоралар мен бейнелі тіркестер молынан кездесті. Бұл тәсіл Кеңес билігінің отаршылдық саясатын өткір сынға алуға мүмкіндік берді. Мысалы: «қызыл аждаһа» – Кеңес Одағын сипаттайтын метафора, «қанды қол режим» – большевиктердің зорлық-зомбылық саясатын бейнелейтін тіркес, «большевиктік қыспақ – темір құрсау» – коммунистік диктатураның қаталдығын сипаттайтын метафора. Бұл бейнелер тек көркемдік элементтер емес, оқырманның эмоциясын оятып, олардың санасында Кеңес билігінің нақты бейнесін қалыптастыруға бағытталған.

Журнал тілінде үндеуші сөйлемдер мен ұрандар кеңінен қолданылды. Мұндай тәсіл оқырманды белсенділікке шақыру, оларға рух беру, ұлттық бірлік идеясын қалыптастыру мақсатында пайдаланылды. Мысалы: «Түркістандықтар! Ұлттық бостандық күресіндегі өлім – ұлттық құлдықтағы өмірден артық!», «Біз тәуелсіздік үшін күресеміз!», «Орыс империализмі – біздің басты жауымыз!». Бұл сөйлемдердегі экспрессивтілік оқырманға тікелей ықпал етуге бағыт-

талып, үгіт-насихаттың басты элементіне айналды. Қысқа, нақтылы әрі эмоциялық бояуы қанық осы ұрандар ұлттық сананы қалыптастыруға қызмет етті.

Журнал тек эмоциялық-публицистикалық сарында ғана жазылмай, нақты тарихи және статистикалық деректерге сүйенген ғылыми-аналитикалық мақалаларды да жариялады. Бұл Кеңес үкіметінің саясатына тек эмоциямен емес, ғылыми негізде, деректер арқылы тойтарыс беру мақсатында қолданылды. Мысалы: «1932 жылы шеттен импорт етілетін мақта 230 мың тоннадан асып, жүздеген миллион алтын сомды құрады». Бұл дерек Кеңес Одағының экономикалық саясатының Түркістан халықтарына қаншалықты ауыртпалық түсіргенін дәлелдейді. «Қазақстан Атқару Комитеті баспасөз органы болған «Еңбекші қазақ» газетасы «жоспар орындалмай қалды» десе, осы Атқару Комитеттің төрағасы Ерназарұлы Елтай Москваға барып «жоспар орындалды» дейді». Бұл мысал Кеңес үкіметінің өз ішіндегі қайшылықтарын әшкерелеуге арналған. Осылайша, журнал тек эмоционалды емес, рационалды және сенімді ақпарат көздерімен жұмыс істейтін басылым екенін дәлелдейді.

«Яш Түркістан» полемикалық стильді шебер пайдаланды. Журнал авторлары қарсы пікірді жоққа шығару үшін олардың өз дәлелдерін пайдаланатын әдісті жиі қолданды. Бұл тәсіл, әсіресе, Кеңес билігінің саясатын әшкерелеу үшін пайдаланылды. Мысал: «Большевиктер «барлық ұлттар тен» дейді, бірақ Түркістанда кім үстемдік құрып отыр? Неге түркі халықтарының басында орыстар тұр?». Бұл мысалда Кеңес үкіметінің ұлт саясатына қатысты қайшылықтарын көрсету үшін қарама-қайшылық әдісі қолданылған. «Біз наразылық жариялай алмаймыз. Өйткені наразылық жариялай алатын күшіміз жоқ. Біз сынамаймыз да. Өйткені біздің сынымыз дәрменсіз, ықпалсыз. Ол – ол ма, бізге сын айту құқығы да берілмеген.» Мұнда ирония мен сарказм арқылы кеңестік биліктің баспасөз бостандығын шектеп отырғаны өткір сынға алынады.

Жоғарыдағы талдауларға сүйене отырып, «Яш Түркістан» журналының стильдік ерекшеліктері оның саяси және ұлттық идеологиясымен тығыз байланысты екенін көруге болады. Басылым тек ақпараттық-талдау баспасөзі ғана емес, сонымен бірге ұлттық сана қалыптастыруға, қоғамдық пікірді бағыттауға арналған нағыз үгіт-насихат құралы болды. Ол оқырманды сендіріп қана қоймай, оларды белсенді әрекетке шақырды. Журнал беттеріндегі өткір, батыл және

дәлелді мақалалар түркістандық ұлт-азаттық қозғалысының идеологиялық негізін бекітіп, оның үгіт-насихаттық дискурсының ажырамас бөлігіне айналды. «Біз Түркістанның тәуелсіздігі үшін күресеміз!» секілді ұрандар журналдың негізгі идеялық бағытын айқындап, оны отарлық саясатқа қарсы күрестің басты ақпараттық алаңына айналдырды.

V Идеологиялық және саяси дискурс

Журналдың негізгі ұстанымдарының бірі – түркі халықтарының ортақ тарихи санасын сақтау. Сондықтан оның мәтіндерінде «Түркістан», «Алаш», «Отан», «Ұлт», «Азаттық», «Тәуелсіздік» сияқты тарихи-ұлттық терминдер кеңінен қолданылды. «Түркістан» сөзі тек географиялық атау ғана емес, сонымен бірге түркі халықтарының азаттық идеясын бейнелейтін символдық ұғым ретінде көрінеді. Журнал авторлары бұл терминді саяси бірлік пен ортақ ұлттық мұратты білдіретін мағынада пайдаланды. «Алаш» ұғымы қазақ зиялыларының ұлт-азаттық күресімен тығыз байланысты болып, «Яш Түркістан» беттерінде ұлттық жаңғыру, тәуелсіздік және түркі халықтарының тарихи тұтастығы тұрғысынан жиі қолданылды. Сондай-ақ, «Отан», «ұлт», «азаттық» сөздері отарлық езгіге қарсы күрестің басты ұғымдары ретінде көрініс тапты. Бұл терминдер Кеңес билігінің түркі халықтарын саяси және мәдени тұрғыдан бөлшектеу әрекеттеріне қарсы тұрған зиялылардың риторикасында маңызды орын алды.

Журнал тек ұлттық сана қалыптастырумен шектелмей, Кеңес үкіметінің саяси құрылымы мен коммунистік идеологиясын талдауға да ерекше мән берді. Осы мақсатта «пролетариат», «диктатура», «революция», «буржуазия», «большевизм», «империализм» сияқты саяси ұғымдар қолданылды. Бұл терминдер Кеңес үкіметінің ресми риторикасындағы мағынада ғана емес, түркі халықтарының ұлттық мүддесі тұрғысынан қайта қарастырылып, жаңа мағыналық реңкке ие болды. Мысалы, «большевизм» және «диктатура» терминдері Кеңес үкіметінің авторитарлық билігін сынау мақсатында қолданылса, «империализм» сөзі Ресейдің түркі халықтарына жүргізіп отырған отаршылдық саясатын сипаттауға арналды.

Журнал публицистикасының негізгі ерекшеліктерінің бірі – оқырманды ояту, олардың ұлттық санасын күшейту мақсатында эмоционалды бояуы қанық сөздерді қолдану. Әсіресе, Кеңес билігінің жүргізген саясатына қарсы бағытталған мақалаларда «босқын», «құлдық», «жалған

насихат», «қызыл империализм», «ұлттық рух» сияқты сөздер жиі қолданылды. «Қызыл империализм» термині журналдың негізгі ұрандарының бірі ретінде Кеңес үкіметінің отаршылдық сипатын айқындауға бағытталды. Сонымен қатар «босқын» сөзі эмиграцияға мәжбүр болған түркі зиялыларының тағдырын сипаттауға, ал «құлдық» термині Кеңес билігіне бағынышты халықтардың әлеуметтік жағдайын көрсетуге арналды.

Журнал тек Кеңес билігін сынап қана қоймай, түркі халықтарының ортақ бірегейлігін сақтауға ұмтылды. Осыған байланысты «Жас түркістандық», «түркі жұрты», «ұлттық намыс» сияқты ұғымдар кеңінен қолданылды. «Жас түркістандық» – жастарды азаттық үшін күреске шақыратын ұран ретінде, ал «түркі жұрты» – түркі халықтарының тұтастығын насихаттайтын термин ретінде пайдаланылды. «Ұлттық намыс» ұғымы ұлттық сана-сезімді оятуға бағытталып, көбінесе Кеңес билігіне қарсы тұру қажеттілігін көрсету үшін қолданылды. Бұл құбылыс кеңестік отаршылдық саясатқа қарсы ақпараттық және идеологиялық күрестің бір көрінісі болды. «The category that describes the nationality best is the language. Literature is the treasure that lives in the form of the language. If any nationality loses its language it stops to exist as a nationality too. Colonization policy devouring the nationality fully played a disgusting language policy against nationalities' languages» (Sadykov, 2016: 87). Автор зерттеуінде атап көрсетілген Баймырза Хайттың бұл идеясы «Яш Түркістан» журналының отарлық қысым жағдайында түркі халықтарының тілдік тұтастығын сақтау мен дамытуды насихаттау ұстанымымен үндес келеді.

«Яш Түркістан» журналы XX ғасырдың 20-30-жылдары Кеңес билігінің отаршылдық саясатына қарсы тұрған маңызды эмиграциялық басылымдардың бірі болды. Оның тілдік құрылымы түркі халықтарының ұлттық бірегейлігін сақтауға, саяси-мәдени тұтастығын нығайтуға және кеңестік ассимиляцияға қарсылық білдіруге бағытталды. Журнал тек публицистикалық құрал ғана емес, сонымен қатар саяси-идеологиялық дискурсты қалыптастырып, ұлт-азаттық қозғалыстың платформасына айналды.

Басылымның тілдік саясаты бірнеше маңызды мақсаттарды көздеді:

1. Түркі халықтарының ортақ бірегейлігін сақтау

Журналдың басты мақсаты – түркі халықтарының мәдени, тілдік және тарихи тұтастығын

нығайту. Осы себепті басылым шағатай тілінің дәстүрін сақтай отырып, қазақ, өзбек, татар, түрік, қырғыз тілдерінің элементтерін енгізді. Бұл әдіс әртүрлі этникалық топтар арасында ортақ лексикалық байланыс орнатып, олардың ортақ тарихи және мәдени мұрасын көрсетуге мүмкіндік берді.

Журнал тілінің негізгі өзегі шағатай әдеби тілі болды. Бұл тіл орта ғасырлардан бері Орта Азияда ғылыми және әдеби шығармаларда қолданылып келген. Дегенмен, «Яш Түркістан» таза классикалық шағатай тілін қайталамады, оны заманауи публицистикалық дискурсқа икемдеп, түрлендірді. Қазақ, өзбек, татар, түрік тілдерінің элементтері шағатай тілінің құрылымымен үйлестіріліп, жаңа синтездік тілдік модель жасалды. Бұл құбылыс түркі тілдерінің тарихи дамуындағы табиғи ықпалдастықтың нәтижесі болып табылады. «At a distance of centuries, Turkic languages migrated freely and always mixed up, and their languages were under the influence of each other and, as a result, they communicated with surrounding languages, especially Iranian, Slavic and Mongolian languages (Bektemirova, 2019: 225). Осы тарихи процестің нәтижесінде «Яш Түркістан» журналы бірнеше түркі тілінің элементтерін қатар қолдана отырып, ортақ лексикалық кеңістік қалыптастыруға ұмтылған.

2. Кеңес билігінің мәдени ассимиляциясына қарсы тұру

Кеңес үкіметінің тілдік реформалары түркі халықтарын ұлттық тамырларынан ажыратуды көздеді. Араб жазуын латын графикасына ауыстыру, кейін кириллицаға көшіру арқылы ұлттық бірегейлікті әлсірету жоспарланды. Бұған жауап ретінде «Яш Түркістан» басылымы дәстүрлі араб графикасын сақтап, тілдік реформалардың жасанды сипатын әшкереледі.

Журнал авторлары Кеңес Одағы енгізген жаңа лексикалық жүйеге қарсы тұру үшін дәстүрлі шағатай элементтерін сақтауды маңызды деп санады. Басылым беттерінде Кеңес билігінің саясатының астарлы мәнін ашатын лексикалық бірліктер жиі қолданылды.

3. Түркі халықтарының саяси-идеологиялық бірлігін нығайту

Журналдағы публицистикалық материалдар тек ұлттық-мәдени мәселелерді ғана емес, саяси дискурсты қалыптастыруға да бағытталды. Османлы түрікшесінен енген әкімшілік, саяси және әскери терминдер кеңінен қолданылды. Бұл, бір жағынан, Осман империясының түркі әлемінің

ортақ тарихында алатын орнын мойындаудан туындаса, екінші жағынан, түркі халықтарының саяси бірігу идеясын насихаттауға арналды.

Журнал түркі халықтарын саяси тұтастыққа шақыру үшін «миллиет» (ұлт), «хакімият» (билік), «мүкаддес» (қасиетті) сияқты османлы терминдерін пайдаланды. Бұл басылымның кеңестік ұлт саясатына балама ұсынғанын көрсетеді.

4. Батыс өркениетімен байланыс

Журнал тек дәстүрлі түркілік жазба дәстүріне сүйеніп қана қоймай, Батыс елдерінің саяси тәжірибесін де ескерді. Бұл оның халықаралық деңгейде түркі мәселесін көтеруге деген ұмтылысын білдірді. Журналда «демократия», «революция», «автономия», «парламент», «социализм» сияқты батыстық саяси-әлеуметтік терминдер кеңінен қолданылды. Бұл терминдердің енгізілуі оқырмандарға батыс идеологиясын түсіндіруге, сонымен қатар Кеңес үкіметінің саяси құрылымын талдауға мүмкіндік берді. Сонымен бірге, бұл батыстық ұғымдарды қолдану Кеңес Одағының саяси жүйесін салыстырмалы түрде талдауға жол ашты.

5. Отаршылдық саясатқа қарсы тұру

Журнал тек ақпарат жеткізу құралы ғана емес, сондай-ақ Кеңес үкіметінің отаршылдық саясатына қарсы күрестің бір формасы болды. Кеңес билігінің түркі халықтарын ассимиляциялау әрекеттері (тілдік реформа, ұлттық атауларды өзгерту, тарихи есімдерді жою) сынға алынып, басылым беттерінде ұлттық сананы оятатын терминдер белсенді қолданылды.

Эмоционалды-экспрессивті сөздер арқылы Кеңес үкіметінің саясатына қарсы пікір қалыптастырылды. «Қызыл империализм», «жалған насихат», «ұлттық рух», «құлдық» сияқты сөздер Кеңес өкіметінің отаршылдық саясатына қарсылық ретінде қолданылды.

Жалпы алғанда, «Яш Түркістан» журналының тілдік саясаты түркі халықтарының мәдени-тілдік бірегейлігін сақтауға, Кеңес билігінің ассимиляциялық әрекеттеріне қарсы тұруға және халықаралық саяси аренада түркі мәселесін көтеруге бағытталды. Журнал ұлттық бірлік пен тәуелсіздікті насихаттай отырып, публицистикалық құрал ғана емес, Түркістан ұлттық одағының идеологиялық платформасы қызметін атқарды (Қара, 2004: 262). Тарихи дәстүр мен заманауи саяси-мәдени талаптарды үйлестіру негізінде қалыптасқан басылым Кеңес билігінің отаршылдық саясатына қарсы тұрудың маңызды ақпараттық құралына айналды.

Қорытынды

XX ғасырдың 20-30-жылдарында «Яш Түркістан» журналы ұлт-азаттық қозғалыстың ақпараттық айнасы ғана емес, сонымен бірге түркістандық эмиграцияның интеллектуалдық және саяси платформасына айналды. Ол тек кеңестік отаршылдыққа қарсы күрес құралы ретінде ғана емес, сонымен қатар түркі халықтарының тарихи бірлігі мен тәуелсіздігі идеясын насихаттауға бағытталған стратегиялық басылым болды.

Журнал эмиграциядағы түркі зиялыларының өзара пікір алмасуына мүмкіндік беріп, Түркістандағы тоталитарлық билік жағдайында еркін ой айту мүмкіндігінен айырылған оқырмандарға шетелден үн қатты. Басылымның мақсаты кеңестік насихатқа балама ақпарат таратып, ұлттық сана мен азаттық идеясын нығайту болды.

Бұл зерттеу дискурстық, публицистикалық, тарихи-салыстырмалы әдістер негізінде жүргізілді. Жинақталған нәтижелер бойынша «Яш Түркістан» келесідей маңызды функцияларды атқарған:

- Кеңес үкіметінің Түркістандағы саясаты мен репрессиялық шараларын әшкерелеу арқылы халықтың тарихи санасын сақтау және оны тәуелсіздік күресіне бағыттаған ақпараттық майдан құралы болды;

- Балама ақпарат көздерін пайдалану, публицистикалық әдістерді жетілдіру және саяси дискурсты қалыптастыру арқылы ұлттық журналистиканың жаңа үлгісін жасаған публицистикалық жаңашылдық алаң болды;

- Араб графикасын сақтай отырып, шағатай тіліне негізделген, бірақ түркі тілдерінің элементтерімен байытылған жаңа түркілік жазба тілін қалыптастырған идеологиялық және лингвистикалық жаңғыру болды;

- Ұлттық бірегейлікті нығайту және кеңестік ұлттық саясатқа қарсы ортақ тұжырымдар ұсыну арқылы түркі халықтарының бірігу идеясын көтерді.

Зерттеудің өзектілігі мынадай факторлармен анықталады:

- тарихи маңызы: «Яш Түркістан» кеңестік отаршылдыққа қарсы жүргізілген ақпараттық күрестің көрнекті үлгісі болып табылады. Журнал материалдары XX ғасырдың алғашқы жартысындағы Түркістандағы саяси өзгерістерді, ұлттық қозғалыстардың тактикасы мен стратегиясын түсінуге мүмкіндік береді.

- публицистикалық ерекшелігі: журналдың публицистикалық әдістері мен тілдік қолданыстары тек дәуірдің саяси үні ғана емес, сонымен қатар XX ғасыр басындағы түркі жазба дәстүрінің эволюциясын бейнелейді.

- саяси дискурс: басылымның кеңестік биліктің отарлық саясатына қарсы ұстанымдары, ақпараттық майдандағы орны қазіргі ақпараттық соғыстар, насихаттық стратегиялар мен ұлттық бірегейлікті сақтау мәселелері тұрғысынан маңызды.

- қазіргі журналистика үшін маңызы: «Яш Түркістан» публицистикалық әдістері мен насихаттық стратегиялары бүгінгі ақпараттық соғыстарды, дезинформациямен күресу әдістерін түсінуге көмектеседі. Қазіргі ақпараттық қауіпсіздік, ұлттық сана қалыптастыру, тарихи шындықты сақтау мәселелерінде XX ғасыр баспасөзінің әдістерін қолдану тәжірибелік маңызға ие.

- қазіргі қоғам үшін маңызы: түркі халықтарының саяси, мәдени интеграциясына ықпал еткен тарихи тәжірибе ретінде «Яш Түркістан» феноменін зерттеу бүгінгі ұлттық сана қалыптастыру және тарихи шындықты сақтау мәселелерінде өзектілігін жоғалтпайды.

«Яш Түркістан» – XX ғасырдағы ұлт-азаттық қозғалыстың саяси-идеологиялық платформасы ғана емес, түркі әлемінің тарихи тағдырына ықпал еткен ерекше құбылыс. Оның публицистикалық және идеологиялық мұрасы бүгінгі ұлтты ұйыстыру, ақпараттық қауіпсіздік, саяси дискурс қалыптастыру мәселелері тұрғысынан өзекті болып қала береді.

Бұл зерттеу тек өткенді зерделеумен шектелмейді. Түркі халықтарының тарихи жадын сақтау және интеграциялық процестерді ғылыми негізде зерделеу үшін «Яш Түркістан» мұрасын одан әрі зерттеу қажет. XX ғасыр басындағы түркі зиялыларының интеллектуалдық және саяси күрес тәжірибесін жаңаша бағалау – қазіргі кезеңдегі ұлттық бірегейлікті нығайтуға ықпал етеді.

Зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің AP25796077 «Қазақ эмиграциялық баспасөзінің интеллектуалды дискурсты қалыптастырудағы рөлі» гранттық қаржыландырудың ғылыми жобасы шеңберінде жүргізілді.

Әдебиеттер

- Batmaz, E. Ş. (2015). *“Yaş Türkistan” Dergisi ve Mustafa Çokay*. Мұстафа Шоқай: саясаткер және ғалым. Халықаралық ғылыми конференция материалдары (Алматы, 2015 ж. 15 қазан). Алматы: «Арыс» баспасы.
- Bektemirova S.B., Avakova R.A., Taussogaro A.K. (2019). *The Linguogeographic Basis of the Turkic Languages in World Space*. Journal of Oriental Studies, №1 (88)
- Jaakkola, M. (2018). *Journalistic writing and style*. Oxford Research Encyclopedia of Communication. <https://doi.org/10.1093/acrefore/9780190228613.013.884>
- Kocaoglu, T., & Duran, T. (1997). *Yaş Türkistan: Türkistan Milli İstiklal Fikrige Hizmet Edüci Aylık Mecmua* (Том 1, №1-13, 1929-1930). İstanbul: Ayaz Tahir Türkistan İdil Ural Vakfı.
- Köseoglu, T. (2020). *Sovyetler'in Türkistan'ı dönüştürme politikasına muhalefet: Yaş Türkistan Dergisi (1929-1939)*. Ankara: Türk Tarih Kurumu.
- Mustafayeva, L. A. (2023). *Some facts of the usages of rhetorical devices (Zeugma) in speech and writing*. International Journal of Social Science and Human Research, 6(1), 686-689. DOI: 10.47191/ijsshr/v6-i1-90.
- Petty, R. E., Cacioppo, J. T., & Heesacker, M. (1981). *Effects of rhetorical questions on persuasion: A cognitive response analysis*. Journal of Personality and Social Psychology, 40(3), 432-440. <https://doi.org/10.1037/0022-3514.40.3.432>
- Ritter, E., & Wiltshko, M. (2020). *Interacting with vocatives*. Proceedings of the 2020 annual conference of the Canadian Linguistic Association.
- Sadykov, N. (2016). *Milli Turkistan Journal's Ideological Approach*. Mediterranean Journal of Social Sciences, MCSER Publishing, Rome-Italy, 7(1 S1), January. Doi:10.5901/mjss.2016.v7n1s1p86
- Shormani, M., & Qarabesh, M. A. (2018). *Vocatives: correlating the syntax and discourse at the interface*. Cogent Arts & Humanities, 5(1), 1469388.
- Van Dijk, T. A. (2008). *Discourse and Context: A Sociocognitive Approach*. Cambridge: Cambridge University Press.
- Zholmakanova, A. B., Tuyakbaev, G. A., Abdrazakov, K., Oralova, G. S., & Serdali, B. K. (2018). *Kazakh Emigration and Historical Significance of Memories of Mustafa Shokay. Utopía y Praxis Latinoamericana*, 23(82), 114-120. Universidad del Zulia, Venezuela. DOI: 10.5281/zenodo.1495807.
- Қара, Ә. (2004). *Мұстафа Шоқай: Өмірі, шығармашылығы, күресі*. Алматы: Арыс баспасы.
- Қойгелдиев, М., & Нүсіпхан, А. (1998). *Мұстафа Шоқай және Түркістан*. Таңдамалы: 2 томдық, 1-том. Алматы: Қайнар.
- Қыдырәлі, Д.Қ. (2012). *Мұстафа*. Астана: Деловой мир Астана.
- Садыкова, Б. (2008). *Мұстафа Чокай и журнал «Яш Туркестан»*. Туркской жардам фонду. Түркологиялық жинақ. Бишкек: Bilge.
- Шоқай, М. (2007). *Таңдамалы шығармалар: Үш томдық*. Алматы: Қайнар баспасы.
- Шоқай, М. (2013). *Шығармаларының толық жинағы: Он екі томдық*. Алматы: Дайк-Пресс.

References

- Batmaz, E. Ş. (2015). *Yaş Türkistan Dergisi ve Mustafa Çokay*. [Yash Turkistan Journal and Mustafa Chokay] *Мұстафа Шоқай: саясаткер және ғалым. Халықаралық ғылыми конференция материалдары (Алматы, 2015 ж. 15 қазан)*. Алматы: Арыс баспасы.
- Bektemirova S.B., Avakova R.A., Taussogaro A.K. (2019). *The Linguogeographic Basis of the Turkic Languages in World Space*. Journal of Oriental Studies, №1 (88)
- Jaakkola, M. (2018). *Journalistic writing and style*. Oxford Research Encyclopedia of Communication. <https://doi.org/10.1093/acrefore/9780190228613.013.884>
- Kocaoglu, T. & Duran, T. (1997). *Yaş Türkistan: Türkistan Milli İstiklal Fikrige Hizmet Edüci Aylık Mecmua* (Том 1, №1-13, 1929-1930) [Yash Turkistan: A Monthly Magazine Serving the Idea of National Independence of Turkistan (Vol. 1, No. 1-13, 1929-1930)]. İstanbul: Ayaz Tahir Türkistan İdil Ural Vakfı.
- Köseoglu, T. (2020). *Sovyetler'in Türkistan'ı dönüştürme politikasına muhalefet: Yaş Turkistan Dergisi (1929-1939)* [Opposition to the Soviet Policy of Transforming Turkistan: Yash Turkistan Journal (1929-1939)]. Ankara: Türk Tarih Kurumu.
- Mustafayeva, L. A. (2023). *Some facts of the usages of rhetorical devices (Zeugma) in speech and writing*. International Journal of Social Science and Human Research, 6(1), 686-689. DOI: 10.47191/ijsshr/v6-i1-90.
- Petty, R. E., Cacioppo, J. T., & Heesacker, M. (1981). *Effects of rhetorical questions on persuasion: A cognitive response analysis*. Journal of Personality and Social Psychology, 40(3), 432-440. <https://doi.org/10.1037/0022-3514.40.3.432>
- Qara, Á. (2004). *Mustafa Shokay: Ómiri, shyğarmashylygy, kúresi* [Mustafa Shokay: Life, Works, Struggle]. Almaty: Arys baspasy.
- Qydyráli, D.Q. (2012). *Mustafa*. [Mustafa]. Astana: Delovoy mir Astana.
- Qoigeldiev, M., & Núsiphan, A. (1998). *Mustafa Shokay jáne Türkistan* [Mustafa Shokay and Turkestan]. *Tańdamaly: 2 tomдық, 1-tom*. Almaty: Qainar.
- Ritter, E., & Wiltshko, M. (2020). *Interacting with vocatives*. Proceedings of the 2020 annual conference of the Canadian Linguistic Association.
- Sadyqova, B. (2008). *Mustafa Chokay i zhurnal «Yash Turkestan»* [Mustafa Chokay and the Journal Yash Turkestan]. *Türksoy jardam fondy. Türkologiyalyq jinaq*. Bishkek: Bilge.

- Sadykov, N. (2016). *Milli Turkistan Journal's Ideological Approach*. Mediterranean Journal of Social Sciences, MCSER Publishing, Rome-Italy, 7(1 S1), January. Doi:10.5901/mjss.2016.v7n1s1p86
- Shokay, M. (2007). *Tañdamaly shyğarmalar: Üsh tomdyq* [Selected Works: Three Volumes]. Almaty: Qainar baspasy.
- Shokay, M. (2013). *Shyğarmalarynyñ tolyq jınaǵı: On eki tomdyq* [Complete Works: Twelve Volumes]. Almaty: Daik-Press.
- Shormani, M., & Qarabesh, M. A. (2018). *Vocatives: correlating the syntax and discourse at the interface*. Cogent Arts & Humanities, 5(1), 1469388.
- Van Dijk, T. A. (2008). *Discourse and Context: A Sociocognitive Approach*. Cambridge: Cambridge University Press.
- Zholmakanova, A. B., Tuyakbaev, G. A., Abdrazakov, K., Oralova, G. S., & Serdali, B. K. (2018). *Kazakh Emigration and Historical Significance of Memories of Mustafa Shokay. Utopía y Praxis Latinoamericana*, 23(82), 114-120. Universidad del Zulia, Venezuela. DOI: 10.5281/zenodo.1495807.

Автор туралы мәлімет:

Сәйдірахман Үшкын – әлеуметтік ғылымдар магистрі, «Шәкәрім университеті» КЕАҚ, Филология жоғары мектебі (Семей қ., Қазақстан, эл.пошта: ushkyn86@gmail.com).

Information about author:

Ushkyn Saidirakhman – Master of Social Sciences, Shakarim University, Higher School of Philology (Semey, Kazakhstan, e-mail: ushkyn86@gmail.com).

Сведения об авторе:

Сайдирахман Ушкын – магистр социальных наук, НАО «Университет Шакарима», Высшая школа филологии (Семей, Казахстан, e-mail: ushkyn86@gmail.com).

Келіп түсті: 15 маусым 2025 жыл
Қабылданды: 3 қыркүйек 2025 жыл